

ӘОЖ 930

## ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ РУ-ТАЙПАЛАР ТАҢБАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Шнанов Утелбек Ризабекович**  
([otelbek\\_shnanov@mail.ru](mailto:otelbek_shnanov@mail.ru))

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, тарих факультетінің III-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Таңбаларды пайдалану түрік, моңғол, иран, кавказ халықтарында кең тараған. Таңбаны қолдану уақытын археологиялық деректерге сүйене отырып, шамамен қола дәуіріне жатқызуға болады. Осы тарихи кезеңнен бастау алған таңбалар дами отырып, қазіргі күнге дейін арақидік пайдалану жалғасуда. Мал шаруашылығында меншікті білдіру белгісі ретінде әсіресе жылқыға оң немесе сол жақ жанбасына ру-тайпаның таңбасын басу ертеден қалыптасқан. Қазақ халқында бұл дәстүр қазір де кездеседі. Қазіргі кезде жылқыға ру таңбасы немес адам есімі, басқа да белгілерді таңба ретінде басу ұшырасады. Көнеден келе жатқан таңбалар бүгінгі күнге дейін сақталып, тіпті қолдануы таңбалар арқылы сол халықтардың көне тарихына зер салып, терең зерттеу ісінде көмегі мол. Таңбаларды зерттеу арқылы этникалық тарих жайлы маңызды дерек көдерін ашуға болады. Таңбалар арқылы этностың тек мәдени-интеграциялық жүйесі ғана емес сонымен қатар әлеуметтік-

этнологиялық қалпы, этностың дүниетанымы жайлы да ерекше мағлұматтарды алуға болады. Ру-тайпалар таңбалары этнос жайлы жан-жақты өте көп информация береді. Таңбалар халықтардың саяси, экономикалық өмірі туралы, рухани және материалдық мәдениеті туралы жан-жақты хабар бере алады. Түркі халықтарында таңбаларды пайдалану жиі ұшырасады.

Түрік халықтарындағы таңбалар жайлы Н.А. Аристов: «Кроме родовых имен, другим указателем этнического состава тюрков-кочевников, также связанным с родовым бытом, могут служить родовые тамги, т.е. знаки родовой собственности, налагаемые преимущественно рода и его членов и употребляемый в виде гербов, печатей, взамен подписей и т.д.»-деп жазады [1.181б.]. Н.А. Аристов алғашқылардың бірі болып түрік халықтарындағы таңбалар жайлы зерттеулер жүргізді. Кейінгі таңба туралы зерттеушілер көбінесе таңбалардың пайда болуы жайында Н.А. Аристовтың таңбаның жеке меншікке қатысты шыққандығы туралы пікірді қолданады. Бұл пікірді жоққа шығаруға болмайды. Алайда таңбалардың қолдану аясы Н.А. Аристовтың өзі көрсеткендей өте кең ауқымды қамтиды. Таңбалардың әсіресе гербтерге (елтаңба) белгіленуі бұл елдіктің, сол мемлекеттің немесе ру мен тайпаның өзіндік ерекшелігі мен еркіндігін де байқатады. Мемлекеттілік болу үшін қажетті белгілер елтаңба, территория, басқару органдары т.б. көне Еуразия халықтарында сақталды. Көне ру-тайпалар белгілі бір елдің құрамында болған уақытта да өз таңбаларын сақтап қалып отырды. Таңбалардың рәмізге қатыстылығы жайында Ә.Қайдар: Рәміз деп отырғанымыз – түркі, моңғол т.б. Алтай тобына жататын көшпелі тайпалар мен ұлыстардың тұрмыс-салтында сонау көне замандардан кеел жатқан, о баста көшпелі елдердің мал шаруашылығына қатысты меншіктілікке, одан дамып, аталық, рулық, тайпалық ұлыстық жіктелуге байланысты пайда болған сол мемлекеттілік пен өзара жіктелуді тұрақты түрде айқындап, айыру үшін зеректікпен ойлап табылған символдық белгілер» - деп көрсетеді [2.128б.].

Академик ғалымның пікірінде көрсетілгендей біз таңбаларды тек жеке меншікпен ғана байланыстырсақ, онда таңбаның жан-жақты маңызын әсіресе елдіктің белгісі ретіндегі ерекше ролін анықтай алмаймыз. Зерттеуші Ғ.А.Меңлібаев: Таңбалар әрбір жеке тайпаларды танып, түстеп беретін коды. Сол белгі арқылы пәлен деген түсінікті екінші, үшінші жақ алады. Малға басқан таңба пәлен тайпаның малы деген ақпарат алады. Ал, біздің рәміздеріміз (герб), тікелей тотемге (киетекке) байланысты екенін көпшілік біле бермейді. Киетек (тотем) деп аталған ұғым тайпалардың намысына, арына тікелей байланысты болды» - [3.12б.]. Таңбалардың көшпелілер арасында ерекше киелі қасиетке ие екендігі туралы Л.Р. Кызыласов: «Жергілікті халықтардың қасиетті мерекелерде таңбалар салынған жартас маңында құрбандық шалып, өздерінің таңбаларын қалдырады» - деп келтіреді [4.67б]. Қара теңіз жағалауындағы таңбалар тарихын зерттеген В.С. Драчук: «Өте сирек жағдайларда таңбалар алғашқы ата-балалар тотемі бейнесінде» -болғандығы жөнінде жазады [5.55]. Аталған ғалымдардың пікірлері қазақ даласындағы ерте уақыттардағы көне таңбалар шоғырланып бейнелеген есткерткіштер растай алады. Мұндай есткерткіштердің бірі Түркістан облысы, Созақ ауданы территориясындағы «Таңбалыжарды» ерекше атауға болады. Қазақ тарихшыларының ішінде «Таңбалы тасқа» қатысты экспедициялық зерттеу жұмысын жүргізген Ә.Х. Марғұлан аңыздарға сүйене отырып: «Бұл тасқа қазақтар әрқашан бас иіп, адамдар таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. «Таңбалы тастың» зор атаққа ие болуының себебі бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған жері дейді. Сондықтан бұл тасты көп ғалымдар «тарихтың зор куәлігі» дер атаған» - деп жазып, Таңбалыжардың қазақ тарихындағы ерекше орнын атап өтеді [6, 132].

Тіпті қазіргі күні қазақ халқы құрамына кірген ру-тайпалар өз таңбаларын тарих бетінен ысырып тастаған жоқ. Бұның себебі осы ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшелікті, шығу тегін ұмыттырмай жадыда сақтаудан шықса керек. Тек қазақ жалқы емес түркі халықтарының көпшілігінде таңбаларды пайдалану сақталып отыр. Түркі халықтарының тарихына алғаш ден қойған А.Н. Аристов: Так ака вследствие исторических обстоятельств многовековой жизни тюркских кочевников племен и родов нет, и

преобладают союзы разного происхождения, состоящие из частиц различных кровных родов, то в одном и то же роде, - не только племени, - встречаются теперь деления с различными тамгами, причем часто имя подразделения обнаруживает, что оно действительно происходит из этого рода и племени, которому принадлежит основная тамга» - дей келе, барлық түрік халықтарындағы таңбаларды ортақ жинап, зерттегенде осы халықтар құрамындағы ру, тайпалардың этникалық құрамын зерттеуде ерекше маңызды екендігін көрсетеді [сонда, 182 б]. Шындығында түрік халықтарының ортақ тарихын таңбалар арқылы зерттеу ісі қазіргі күні де маңыздылығы жоғары. Мақала басында айтылған Таңбалыжар есткеркішіндегі таңбалар әлі күнге дейін сақталып отыр мұндағы көне оғыз таңбалары қазіргі түркі халықтарының арасында кездеседі. Бұл таңбалар қазақ, башқұрт, түрік, түркімен, азербайжан, сібір халықтары т.б. халықтарда кездеседі.

Қазақ жерін мекен еткен көне түркі тайпаларының ру таңбаларына қатысты алғашқы деректерді біз М.Қашқаридың «Диуан лұғат ат түрік» (IX ғасыр) кітабынан кездестіреміз. Қашқари өз еңбегінде оғыз тайпаларының таңбаларын жеке-жеке түсіріп көрсеткен [7, 93 б]. Бұл еңбекте көрсетілген таңбалар Таңбалы жар кешендерінде салынған таңба бейнелерімен салыстыруды қажет етеді. Шығыс тарихшыларының ішінен ру таңбаларына ерекше көңіл бөлген Рашид-ад-дин оғыз тайпаларының таңбаларын алғаш толық түрінде жариялады. (XIII ғасыр басы- XIV ғасыр басы). Әфсаналық қаһарман болып табылатын Оғыз хан дәуірінен келе жатқан таңбаларға Рашид-ад-дин жақсы сипаттама береді [8]. Таңбалы тас кешенінде Оғыз дәуірінен келе жатқан таңбалар қазақ ру таңбаларының арасында кездеседі. Мұндай сәйкестіктер тарихи сабақтастықты көрсетсе керек. Ежелгі таңбалардың қазақ ру-айпалары таңбалымен байланысы жайлы Т.Омарбеков: «.. Сыр бойын билеген ежелгі қаңлылар бұл заманда билікке келгендердің атымен уақытша «Оғыз» атанып кетті. М.Қашқариде 22 Оғыз тайпалары қатаында екінші болып аталатын, ал Рашид-ад-динде бірінші болып аталатын қаңлының қайы (қайық) тайпасының рулық таңбасы ІҮІ қазақ қаңлыларында сақталып қалды» - жеп жазады [9.25б]. Қаңлылардың таңбасы І белгісімен таңбаланады. Қайы тайпасының таңбасына ұқсас белгілі бір бөлігін сақтаған таңбалар Наймандарда Ү, Қыпшақтарда ІІ, таңбалары кездеседі. Бұл таңбалар қазақ халқының құрамындағы өзге де ру-тайпаларында кездеседі.

2009 жылы шілде айында Мерсин қаласының Гүлнар ауданы маңында жасалған зерттеулер барысында Ақтеңізі тарихи Каршу шыңы (Майданшық) арқылы Анадолинның ішкі жағына қарай жалғасып жатқан тарихи жол бойындағы бір жартаста эпиграфик мағлұматтар табылған. Бұл есткертікті зерттеген түрік ғалымы децент Ибрахим Шахин: «Қайы таңбалары Осман империясы кезеңінде өте кең таралған және түрлі заттардың үстіне басылған таңбалар болып табылады. Бұл есткертікті зерттеген Төмендегі таңба Қайы таңбасына өте жақын маңда табылған. + (қосу белгісі) тәріздес келген. Оғыз таңбалары туралы жазылған ешбір әдебиетте бұл туралы айтылмаған. Бұл таңбаның Қыпшақтардың таңбасы мүмкін. Енисей жазбаларының көбінде бұл таңба жалғыз бейнеленген. Қыпшақтар барған жерінде осы таңбаны қалдырып отырған. Хакастардан Қара Қырғыз тайпасының, Лайкайлардан Шапалот Бай тайпасының, Қырғыздардан Мунгуш, Бағыш, Қырчак; Таулы Алтай аймақтарынан Тегелү Саракай (Көбөк); Қазақтардан Адай, Байбақты, Керей, Кете, Масқар, Телеу, Төртқара тайпаларының таңбалары арасында көрініс тапқан- деп жазады [10.81 б.].

Түрік халқының да өзге түрік тілдес халықтармен тарихи байланысын және көне оғыз тайпаларының тікелей азербайжан, түркімен, түрік халықтарымен байланысын осы таңбалар арқылы анықтау қиынға түспейді. М.Тынышпев Материалы к истории киргиз-казахского народа атты еңбегінде қазақтармен туыстық қатынастардағы халықтарды атай келе, таңбалық ұқсастықтары бар халықтарды көрсетеді [11.28-29 б.].

Башқұрт халқының таңбаларын зерттеуші Р.Г. Кузеев таңбалар тарихын зерттеу арқылы түркі халықтарының тарихи байланысын анықтауға болатындығына көз жекізеді. «Башқұрт этнонимін қалыптастырғандар тобында башқұрт халқының этникалық құрамын қалыптастыруға қатысқан, халықтар мен тайпалар аттары кіреді; (Мысалы: ноғай-юрмат,

мишар-юрмат, сарт-қалмақ, түркмен-кудей рулары; казак, қырғыз, қарақалпақ, қызылбаш, тәжік, өзбек, татар, чуваш, мокша, черемис, ар және т. б. рулар). Бұл топқа ру бөліністерінің тайпалық атаулары да кіреді; олар түркі немесе кейінірек башқұрт тайпаларының (тоғыс, тау, арғын, ун, бурзян,қыпшақ, қаңлы және т. б.) өзара араласу нәтижесінде пайда болды» - деп келтіреді [12.81 б.]. Башқұрт ру құрамында қазақ руларының аттары жиі ұшырасады. Кіші жүз құрамындағы тамалардың ру таңбасы II екі алып таңбасы, қаракесек руының босаға таңбасы II, кіші жүз тілеу руының ашамай таңбасы, X жағалбайлы руы таңбасы Т, башқұрт ру таңбаларында ұшырасады. Кіші жүз құрамындағы ру атаулары мен таңбалары да башқұрт халқының арасында кездеседі. Башқұрт халқының қазақтың кіші жүз құрамындағы тарихи-туыстық байланысты аңғартады. II қос алып таңбасын алсақ тама ру атауы да таңбасы да башқұрт халқында да бар. Ал өз кезегінде қазақ руларының да арасында туыстық байланысты осы таңбалар арқылы байқауға болатын сияқты. Мәселен ұлы жүзде қыпшақ руының II таңбасы тама ру таңбасына, қаракесек руының II босаға таңбасы орта жүздегі қоңырат руының таңбасына сәйкес. Ай таңба, ашамай таңбалар қырғыз руларында да жиі кездеседі. Кавказ халықтарында кездесетін таңбалар көне сармат және қазақ ру таңбаларының арасында да бар. Мәселен Т, таңбасы карачай, осетин, балкар халықтарында да кездеседі.

Көне дәуірдерден қалыптасып түркі халықтарының арасында кең тараған ру-тайпалар таңбаларын жан-жақты зерттей отырып, өзара туыстық қатынастарын ажырата аламыз. Таңбалар түркі халықтары арасындағы және әр елдің қатарындағы ру-тайпалардың өзара байланысы туралы да ерекше дерек көзі болып табылады. Этникалық тарихты зерттеудегі ру-тайпалар таңбаларының маңызы ерекше. Таңбалар тарихын зерттеу ісі өзінің маңыздылығы жағынан уақыт өте келе жандана түсетіндігі анық.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. - Астана: Алтын кітап, 2007. 181 б
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные проблемы вопросы казахского языка алматы, 1998. 128 бет.
3. Меңлібаев Ғ.А. Абай атындағы қазақ ұлттық универсиеті Хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (24), 2010. 12 бет.
4. Кызласов Л. Р., Леонтьев Н. В. Народные рисунки хакасов. - М.: Наука, 1980. 67 б.
5. Драчук В.С. Системы знаков Северного Причерноморья. - М., 1959. 55 б.
6. Марғұлан Ә.Х Марғұлан «Тамғалы тас» жазуы. Орта ғасырда қазақша тасқа бедерленген белгілер // Жұлдыз № 1, 1984, 132бет.
7. Махмуд ал-Кашкари. Диван Лугат ат-Турк /Аударма, алғысөз және пікір жазған З.-А. М. Ауезова/ - Алматы: Лайк-Пресс, 93 бет.
8. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Т 1-3. - Москва, Ленинград. 1946-1960 гг.
9. Т.Омарбеков. Ежелгі ақыртастағы таңба нені аңғартады? «Интеграция және модернизация жағдайындағы дүние жүзі тарихы және еуразиядағы халықаралық қатынастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -Алматы: Қазақ университеті, 2018, 25 бет.
10. Ibrahim Sahin Igel/Gulmarda Eski turklere ait yeni tespit edilmiş epigrafik belgeler: tanitimi ve on degerlendirilmesi. //Turuk bilili arastimalari Jurnal jf Turkology research Ankara, 2012,
11. М. Тынышпаев. Материалы к истории киргиз-казахского народа. - Ташкент, 1925, 27-28 беттер.
12. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. - Москва: Наука, 1974. 81 бет.